



**META University-інің
Ғылыми кеңес отырысы
№ 5 хаттама**

Алматы қ.

25 желтоқсан 2025 ж.

**Ғылыми кеңестің төрағасы
Ғалым хатшы**

**Темербаева А.М.
Жүнісқалиев Т.Т.**

Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Университеттің медициналық-санитариялық қамтамасыз етілуі.
2. Түлектерді жұмысқа орналастыру және алдын ала бөлуге дайындық.
3. Университеттің 2025 жылға арналған ғылыми-зерттеу қызметінің есебін бекіту.
4. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-сұрақ бойынша

Медициналық пункт меңгерушісі университеттің медициналық-санитариялық қамтамасыз етілуі туралы ақпарат ұсынды. Студенттер мен қызметкерлерге көрсетілетін медициналық қызмет түрлері, профилактикалық іс-шаралар, санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы және денсаулық сақтау бағытындағы жұмыстар баяндалды. Сонымен қатар, медициналық инфрақұрылымды жетілдіру және алдын алу шараларын күшейту мәселелері қарастырылды.

2-сұрақ бойынша

Мансап орталығының өкілі және мектеп декандары түлектерді жұмысқа орналастыру және алдын ала бөлуге дайындық туралы есеп берді. Түлектердің еңбек нарығындағы сұранысы, серіктес ұйымдармен ынтымақтастық, бос жұмыс орындары жәрмеңкелері, дуальды оқыту элементтері және алдын ала бөлу тетіктері талқыланды. Жұмысқа орналастыру көрсеткіштерін арттыру бағытындағы шаралар атап өтілді.

3-сұрақ бойынша

Ғылым және халықаралық қызмет жөніндегі проректор және Ғылым департаменті университеттің 2025 жылға арналған ғылыми-зерттеу қызметінің есебін ұсынды. Есепте ғылыми жобалар саны, гранттық қаржыландыру көлемі, жарияланым белсенділігі, халықаралық ынтымақтастық және ғылыми кадрларды даярлау көрсеткіштері қамтылды. Ғылыми қызметтің нәтижелері мен алдағы кезеңге арналған басым бағыттар баяндалды.

4-сұрақ бойынша

Әртүрлі мәселелер аясында университеттің ағымдағы қызметіне қатысты ұйымдастырушылық сипаттағы сұрақтар қаралды.

ҰСЫНЫЛДЫ:

1. Медициналық-санитариялық қамтамасыз ету туралы ақпаратты назарға алу, студенттер мен қызметкерлердің денсаулығын қорғау мақсатында профилактикалық іс-шараларды жалғастыру және санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын тұрақты бақылауға алу ұсынылды.

2. Түлектерді жұмысқа орналастыру және алдын ала бөлуге дайындық туралы есепті назарға алу, жұмыс берушілермен ынтымақтастықты кеңейту, бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін ұйымдастыру және жұмысқа орналастыру көрсеткіштерін арттыру бойынша шараларды күшейту ұсынылды.

3. Университеттің 2025 жылға арналған ғылыми-зерттеу қызметінің есебін бекіту, ғылыми жобалар мен жарияланым белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

4. Қаралған мәселелер бойынша тиісті құрылымдық бөлімшелерге нақты тапсырмалар беру және олардың орындалуын бақылауға алу ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Медициналық-санитариялық қамтамасыз ету туралы ақпаратты назарға алу, студенттер мен қызметкерлердің денсаулығын қорғау мақсатында профилактикалық іс-шараларды жалғастыру және санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын тұрақты бақылауға алу ұсынылды.

2. Түлектерді жұмысқа орналастыру және алдын ала бөлуге дайындық туралы есепті назарға алу, жұмыс берушілермен ынтымақтастықты кеңейту, бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін ұйымдастыру және жұмысқа орналастыру көрсеткіштерін арттыру бойынша шараларды күшейту ұсынылды.

3. Университеттің 2025 жылға арналған ғылыми-зерттеу қызметінің есебін бекіту, ғылыми жобалар мен жарияланым белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

4. Қаралған мәселелер бойынша тиісті құрылымдық бөлімшелерге нақты тапсырмалар беру және олардың орындалуын бақылауға алу ұсынылды.

Ғылыми кеңестің төрағасы

Ғылым хатшы



Темербаева А.М.

Жүнісқалиев Т.Т.